



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Алматыдағы екінші McDonald's® мейрамханасының ашылуы

2016 жылы 24 желтоқсан күні сағат 13:00 Алматыда Абай даңғылынан жоғары Саин көшесі бойындағы Мамыр-4 ықшам ауданында жаңа McDonald's® мейрамханасы ашылды. Ашылу салтанатына Әуезов ауданы әкімінің орынбасары Рақымбеков Бақытжан және Қазақстандағы McDonald's® Бас директоры Кутлин Ленар қатысты.

Мейрамхана 460 ш.метрді қамтиды. Оның залында 86 орын, ал жазғы алаңында 44 орын бар. Мейрамхананы рәсімдеуде McDonald's® үшін дәстүрлі түрде ашық реңктерде, табиғи материалдарды пайдаланып орындалған жаңа дизайн-концепциялар қолданылды.

Барлық McDonald's® мейрамханаларында сияқты мұнда да қонақтарды жоғары сапалы өнім, қонақжайлы сервис, жайлы орта, тегін Wi-Fi күтеді. Тапсырыстарды электрондық қабылдау арқылы қызмет көрсетудің заманауи жүйелері, сондай-ақ тапсырыстарды қабылдау және жіберу орындарының бөлінуі қонақтарға жылдам қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мейрамхана қонақтары өздігінен тапсырыс жасап, банк карточкасымен төлем жасауға мүмкіндік беретін өзіне-өзі қызмет көрсететін киоскілерін пайдалана алады, ал McDrive сервисі тапсырысты көліктен шықпай жасауға, төлеуге және алуға мүмкіндік береді.

Мейрамхана толығымен аз мобильді халық тобы үшін талаптарды есепке ала отырып, жүзеге асырылған және жасыл технологиялар саласындағы McDonald's® алтын стандарттарына сәйкес келеді.

Кәсіпорында Қазақстан Республикасының азаматтары үшін 120 жұмыс орны құрылған. McDonald's® кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбек заңнамасына қатаң сәйкестікпен еңбек жағдайлары жасалған, бәсекелі еңбекақы, тегін тамақтану және оқыту, корпорация ішінде мансаптың өсу мүмкіндігі, жұмыс пен оқуды біріктіруге мүмкіндік беретін икемді жұмыс кестесі ұсынылады. Қызметкерлерді даярлаудың McDonald's® халықаралық жүйесі қызметкерлерге өздерін әртүрлі салаларда сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алматыда McDonald's® мейрамханалар желісін дамыту жергілікті кадрлардың даму болашағын ғана емес, сондай-ақ қала бюджетіне тұрақты салық аударымдарына әкеледі. Сонымен қатар, бұл аймақтағы жағымды бизнес-климат туралы куәландыратын халықаралық инвесторлар үшін жақсы белгі болып табылады.

Бұл мейрамхананы ашу «Алматы-2020» даму бағдарламасының мақсаттарына және қалалық сервистік кластерді дамыту мәселесіне сәйкес келеді. Сондай-ақ, Бүкіләлемдік қысқы Универсиадаға дайындық аясында Алматының даму Орталығы жүргізген қоғамдық тамақтану орындарының қонақжайлылық деңгейін зерттеу қортындысы шығарылған соң, McDonald's® мейрамханалары «Универсиада ұсынады» сертификатын алды.

Қазақстандағы McDonald's® баспасөз қызметі